## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 сәуірдегі N 357 қаулысы

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру шаралары туралы"№2002 жылғы 28 тамыздағы N 931 Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 14 сәуірдегі N 357 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер

1. <*>

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.02.09. N 124 қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.25 № 272 Қаулысымен.

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.03.25 № 272 Қаулысымен.

4. <*>

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.06.01. N 604 қаулысымен .

5. <*>

Ескерту. 5-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.02.09. N 124 қаулысымен.

6. "Қазақстан Республикасының кеден қызметін реформалау бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қарашадағы N 1746 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 49-50, 573-құжат):

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі"№деген

сөздер "Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі"№деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының кеден қызметін реформалау бағдарламасында:

Қазақстан Республикасының кеден қызметін реформалау жөніндегі іс-қимылдардың жоспарында:

мәтінде "Орындау үшін жауаптылар", "Аяқтау нысаны" деген бағандардағы "ҚР МКМ КК", "ҚР МКМ"№деген сөздер "ҚР КБА" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. <*>

Ескерту. 7-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.03.09. N 217 қаулысымен.

8. "Астана - жаңа қала" арнаулы экономикалық аймақ аумағында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің кеден және салық органдарын құру туралы"№Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 сәуірдегі N 469 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 12, 124-құжат):

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің кеден органын және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық органын құру туралы";

1, 3-тармақтарда:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің", "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің", "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің", "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің", "Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі"№деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің "Астана - жаңа қала"№кедені туралы ережеде:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің "Астана - жаңа қала"№кедені туралы ереже";

мәтінде:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің", "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетіне (бұдан әрі - Комитет)", "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігін" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің", "Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігіне (бұдан әрі - Агенттік)", "Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігін"№деген сөздермен ауыстырылсын;

4 және 6-тармақтарда:

"Комитет", "Комитетін", "Комитеттің" деген сөздер тиісінше "Агенттік", "Агенттігін", "Агенттіктің" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. "Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы 1999 жылғы 26 ақпандағы шартқа қатысушы мемлекеттердің экономикасына құрылымдық қайта құру жүргізудің 2000-2005 жылдарға арналған негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы"№Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 20 маусымдағы N 681 қаулысында :

көрсетілген қаулымен бекітілген Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы 1999 жылғы 26 ақпандағы шартқа қатысушы мемлекеттердің экономикасына құрылымдық қайта құру жүргізудің 2000-2005 жылдарға арналған негізгі бағыттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында:

"Жауапты орындаушылар" деген бағанда:

"Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету" деген бөлімнің реттік нөмірлері 1.1., 1.2., 1.3., 1.4-жолдарында:

"Мемлекеттік кіріс министрлігі" деген сөздер "Кедендік бақылау агенттігі"№деген сөздермен ауыстырылсын.

10. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің "Семей" кедені", "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің "Қордай" кедені", "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің "Бейнеу"№кедені", "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің "Өскемен"№кедені"№ мемлекеттік мекемелерін құру туралы"№Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 24 маусымдағы N 688 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 19, 207-құжат):

тақырыпта және мәтінде:

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің", "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі"№деген сөздер "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің", "Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің "Семей" кедені туралы, "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің "Қордай"№кедені туралы, "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің "Бейнеу" кедені туралы ережелерде:

тақырыптардағы және мәтіндегі "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің", "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігін", "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетімен", "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден

комитетіне", "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің", "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігін", "Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігімен", "Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігіне", "Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақта:

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің басшысымен келісім бойынша" деген сөздер алынып тасталсын.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2003 жылғы 14 сәуірдегі
N 357 қаулысына
қосымша

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден қызметі қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 16 маусымдағы N 532 қаулысы .

2. "Кеден Ынтымақтастығы Кеңесіне жыл сайын мүшелік жарна енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 19 наурыздағы N 220 қаулысы .

3. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі кеден органдарының дербес атағы бар қызметкерлерінің лауазымдық жалақысына еңбек сіңірген жылдары үшін проценттік үстеме ақы төлеу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 28 сәуірдегі N 329 қаулысы ( Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 14, 171-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 29 сәуірдегі N 523 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 18, 153-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 16 мамырдағы N 694 қаулысы ( Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 18, 199-құжат).

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгертулер енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20

тамыздағы N 1031 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 44-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 35, 327-құжат).

7. "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Кеден комитетінің жекелеген мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 29 тамыздағы N 1195 қаулысы .

8. "Қазақстан Республикасының Кеден органдарының жұмысындағы елеулі кемшіліктер туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 сәуірдегі N 427 қаулысы .

9. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 сәуірдегі N 427 қаулысына өзгерту енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 қыркүйектегі N 1084 қаулысы .

10. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 сәуірдегі N 427 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 22 сәуірдегі N 492 қаулысы .

11. "Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 қазандағы N 1226 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 41, 397-құжат).

12. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 қазандағы N 1226 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 20 маусымдағы N 1003 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 28, 252-құжат).

13. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 4 қазандағы N 1226 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 16 қыркүйектегі N 897 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 32, 228-құжат).

14. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің " Кинологиялық орталығы" мемлекеттік мекемесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 15 ақпандағы N 230 қаулысының 5-тармағының 1) тармақшасы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2001 ж., N 6, 68-құжат).

15. "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кеден комитетінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 5 мамырдағы N 786 қаулысы .

16. "Кеден одағының істері жөніндегі үкіметтік органды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 қаңтардағы N 34 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 1, 10-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК